# Бүкіләлемдік желі – ғаламтор

Жасан Әсел Байғалиқызы
"Раздольный ЖОББМ" КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

| | |
|---|---|
| Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары | 7.1.1.1.-мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау.<br>7.2.1.1.-мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер)ақпаратты интерпретациялау<br>7.4.4.1.-етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, райтүрлерін тілдесім барысында қолдану |
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушылар орындай алады: ғаламтор туралы мәтінмен танысады, шақ ұғымын түсінеді. |
| | Оқушылардың көпшілігі орындай алады: мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді, мәтін ішінен етістіктің шақтарын табады. |
| | Кейбір оқушылар орындай алады: ғаламтор туралы ақпараттық мәтін жайлы пікір білдіріп, етістіктің шақтарын ажыратады. |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Жоғары ойлау дағдылары |
| Күтілетін нәтиже | Білім алушылар: ғаламтор туралы мәтінді талдап, өз ойларын жеткізе білуді үйренеді және өз бетінше сөйлем құрап, шақтық мағынаны ажырата білуді үйретеді. |
| Тілдік мақсат | Негізгі сөздер мен тіркестер: ғаламтор, бүкіләлемдік желі, шақ ұғымы, шақ туралы түсінік |
| | Талқылауға арналған сұрақтар: 1.Ғаламтор дегеніміз не?2.Ғаламтордың пайдасы мен зияны туралы ойларыңды ортаға салыңдар 3.Мәтіндегі сипатталған оқиға қай шаққа тән?4.Есімше мен көсемше тақырытарын өткендегі білімдеріңді пайдаланыңдар. |
| | Жазылым бойынша ұсыныстар: мәселені бірлесіп шешудің амалын табады; жұмыстың баламалы амалдары туралы идеяларды ұсынады; бірлесіп және өз бетінше тапсырмалар орындайды ;диалог құрады ; сұрақтар қояды және жауап береді; |
| Құндылыққа баулу: | Адами жақсы қасиеттерге баулу, табиғатты аялауға үйрету |
| Пәнаралық байланыс: | информатика |
| Алдыңғы оқу: | «Музыка-әлемді біріктіруші күш» және «Ғалым болам десеңіз...» айдаршасы бойынша берілген тапсырмадан шығармашылық, ізденімпаздылық қабілеттерін байқау |

Жоспар

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған жаттығу түрлері | |
|---|---|---|
| | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушылардың іс-әрекеті |
| Басы | Үйге берілген тапсырманы сұрау. Оқушыларға өткен тақырыптар бойынша сұрақтар қою.<br>Үй тапсырмасын тексеруге тапсырмалар<br>1.Етістік дегеніміз не?<br>2.Тұйық етістіктің жұрнағын атаңыз<br>3.Тұйық етістікке мысалдар<br>4.Есімше дегеніміз не?<br>5.Есімшеге мысалдар<br>6.Көсемшенің жұрнақтары қандай? | Үйге берілген тапсырманы еске түсіреді. Өткен тақырыптар бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру. |
| Ортасы | Ережені түсіндіріп сұрақтар қою.<br>«Ой қозғау» әдісі арқылы үш шаққа сөйлемдер тақтаға ілінді. Тақтадағы сөйлемдерді талдау арқылы оқушылар осы уақытқа дейінгі білімдеріне сүйене | Ережені түсініп сұрақтарға жауап беру.1Г тапсырмасын постер жазу арқылы орындау. «Жуан-жіңішке сұрақтар» қою арқылы |


Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания №KZ93VPY00020180 выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития РК 11.02.2020 г.

<table>
<tr>
<td></td>
<td>отырып, шақ түрлерін ажыратады.<br>Ерасыл ойыншықтармен ойнап отыр.<br>Өткен жолы ол менің пікірімді ұнатпаған екен.<br>Келесіде Айжан қаланың көрікті жерлері туралы баяндамақ.<br>Жаңа тақырыпты презентация арқылы түсіндіремін<br>4-тапсырманы тақтаға оқушыларды жекелеп шығарып орындату
<table>
<tr><th>Сөйлемдер</th><th>Осы шақ</th><th>Өткен шақ</th><th>Келер шақ</th></tr>
<tr><td>Трактор жаңа ғана жер жыртты.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қазақстан өткен ғасырдың 90-жылдардың өз тәуелсіздігін жариялады</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Кеше кешке Нұрлан хат жазып кетті.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Ертең сабақ айтамыз</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қазіргі уақытта ғаламтор желісі бүкіл әлемге тараған</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Содан бері ол келмеді</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Мал өріске жайылуға шықты</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Мал жайлаудан күзде түседі.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Келесі айда қазақ тілінен ашық сабақ болады</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Соңыра қарап шығамын</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>тапсырмаларын орындау</td>
</tr>
<tr>
<td>Аяқталуы</td>
<td>5-тапсырма бойынша сергітіп, ән тыңдатып, сұрақтар қою<br>Сабақты бекіту. Тест тапсырмалары<br>1. Қазақ тілінде етістіктің неше шағы бар?<br>А) 2. В) 3. С) 4. Д) 5. Е) 6.<br>2.Сөйлемнен етістікті анықтаңыз.<br>Өз отбасымыз ұлттық дәстүрлерді сақтаймыз.<br>А) Өз. В) Отбасымыз. С) Ұлттық.<br>Д) Дәстүрлерді. Е) Сақтаймыз.<br>3.Қимылды білдіретін сөзді анықтаңыз.<br>А) Ойна. В) Түн. С) Жоғары. Д) Дауыс. Е) Күндіз.<br>4.Етістік жауап беретін сұрақты көрсетіңіз.<br>А) Қалайша? В) Не істеп? С) Нешінші?<br>Д) Неге? Қалай? Е) Кім?<br>5.Осы шақты табыңыз..<br>А) Отырмақ В) Отырған. С) бармқшы<br>Д) Отыр, жатыр, жүр, тұр. Е) жүрген<br>6. Етістіктің өткен шақ түрін табыңыз.<br>А) Жүзген. В) Жүз С) Жүзбек.<br>Д) Жүзер. Е) Жүзеді.<br>Үй тапсырмасы: «Еркін жазу» әдісі арқылы 1Б, 2Б, 3-тапсырмаларын орындату<br>Рефлексия<br>«Менің сабақтан алған әсерім...»</td>
<td>4-тапсырманы тақтаға жекелеп шығып орындау.5-тапсырма бойынша сергіп, ән тыңдап, сұрақтарға жауап беру<br>Үйде «Еркін жазу» әдісі арқылы 1Б, 2Б, 3-тапсырмаларын орындау<br><br>Оқушылар сабақтан алған әсерлерін стикерлерге жазады</td>
</tr>
</table>


Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания №KZ93VPY00020180 выдано Комитетом информации Министерства информации и общественного развития РК 11.02.2020 г.

| Бағалау: | | |
|---|---|---|
| Сабақ/ оқу мақсаттары шынайы ма? | Бүгінгі сабақта оқушылар нені үйренді? | Сыныптағы ахуал қандай болды? |
| | | |